

Қарағанды облысы білім басқармасының Теміртау қаласы білім бөлімінің
«Гүлдер» бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны

**Ата-аналарға кеңес беру пункті бойынша 2025–2026 оқу жылына
жылдық қорытынды есеп**

Әдіскер: Каипбердиева Г.Т.

Теміртау қаласы- 2026 жыл

Ата-аналарға арналған кеңес беру пунктiнiң жылдық қорытынды есебi 2025–2026 оқу жылы

Мектепке дейiнгi ұйымның жылдық жоспарына сәйкес ата-аналарға арналған кеңес беру пунктi жыл бойы өз жұмысын жүйелi түрде жүргiздi. Кеңес беру пунктiнiң негiзгi мақсаты – ата-аналарға бала тәрбиесi, дамуы, денсаулығы, психологиялық бейiмделуi және мектепке дейiнгi бiлiм беру мәселелерi бойынша әдiстемелiк, психологиялық және педагогикалық қолдау көрсету болды.

Жылдық жоспарға сәйкес ай сайын түрлi тақырыптарда iс-шаралар ұйымдастырылды. Қыркүйек айында «Кiшкентай балалардың сәттi бейiмделуi мен әлеуметтенуi үшiн жағдай жасау» тақырыбында бөбекжайға саяхат ұйымдастырылып, ата-аналарға баланың балабақшаға бейiмделу кезеңi туралы түсiндiрме жұмыстары жүргiзiлдi.

Қазан айында «Кел танысайық!» тақырыбында дөңгелек үстел өткiзiлiп, ата-аналар бөбекжай өмiрiмен, мамандармен және оқу-тәрбие жұмысымен танысты. Қараша айында педагог-психолог тарапынан нейрогимнастика жаттығуларының бала дамуына әсерi туралы кеңес берiлдi.

Желтоқсан айында балалармен табиғат аясына серуен ұйымдастырылып, ата-аналарға серуеннiң бала денсаулығына маңызды түсiндiрiлдi. Сонымен қатар «Шынықсаң шымыр боласың» тақырыбында спорттық қимыл-қозғалыс ойындары өткiзiлдi.

Қаңтар айында «Эмоциялар палитрасы» iскерлiк ойыны арқылы ата-аналарға балалардың эмоциялық дамуы жөнiнде кеңестер ұсынылды. Ақпан айында логопед-дефектолог «Үй жануарлары» тақырыбында дыбыстарды дұрыс айтуға арналған ойын жаттығуларын көрсеттi.

Наурыз айында «Денсаулық және күн тәртiбi» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылып, ата-аналарға үй жағдайында күн тәртiбiн сақтау жөнiнде ұсыныстар берiлдi. Сәуiр айында балалар қорқынышын жеңуге арналған дамыту ойындары және «Мақта қыз бен мысық» ертегiсi арқылы сөйлеудi дамыту жұмыстары жүргiзiлдi.

Мамыр айында «Ақ қоян» саусақпен сурет салу, «Балақайдың кiшкентай қобдишасы» дөңгелек үстелi және «Бiз шыныққан баламыз» спорттық ойын сауық iс-шаралары өткiзiлдi.

Жыл бойы ата-аналардың жеке сұраныстары бойынша психолог, тәрбиешiлер, логопед, дене тәрбиесi нұсқаушысы және мамандар тарапынан жеке және топтық кеңестер берiлдi. Кеңес беру барысында балалардың мiнез-құлқы, сөйлеу тiлi, денсаулығы, тәртiбi, бейiмделуi және үйдегi тәрбиесi бойынша сұрақтар қарастырылды.

Қорытынды:

Жылдық жоспар толық көлемде орындалды. Ата-аналар тарапынан кеңес беру пунктiнiң жұмысына қызығушылық жоғары болды. Ұйымдастырылған жұмыстар ата-аналардың педагогикалық сауаттылығын арттырып, отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайтты. Алдағы оқу жылында ата-аналармен жұмысты жаңа форматта жалғастырып, тәжiрибелiк тренингтер мен шеберлiк сағаттарын көбейту жоспарлануда.

**КМҚК «Гүлдер» бөбекжайының консультативтік пунктiнiң 2025–2026
оқу жылының қыркүйек–желтоқсан айларындағы жұмысы туралы
жарты жылдық есеп**

Ұйым: КМҚК «Гүлдер» бөбекжайы»

Есептi кезең: 2025 жылғы қыркүйек–желтоқсан

Жауапты: КМҚК «Гүлдер» бөбекжайының әдiскерi Каипбердиева Г.Т.

1. Консультативтiк пункттiң жұмыс мақсаты мен мiндеттерi

Консультативтiк пункттiң қызметi мектепке дейiнгi жастағы балалардың психологиялық-педагогикалық дамуын қамтамасыз етуге, дамуында қиындықтары бар балаларға ерте қолдау көрсетуге және ата-аналардың педагогикалық құзыреттiлiгiн арттыруға бағытталды.

Негiзгi мiндеттерi:

балалардың даму деңгейiн кешендi диагностикалау;
тiлдiк, әлеуметтiк, қимыл-қозғалыс және шығармашылық қабiлеттерiн дамыту;

түзету-дамыту жұмыстарын жүйелi ұйымдастыру;

ата-аналар мен өзара тиiмдi байланыс орнату;

мамандардың бiрлескен, үйлесiмдi жұмысын қамтамасыз ету.

**КМҚК «Гүлдер» бөбекжайының консультативтiк пункттiң жұмысының
айлар бойынша атқарылған жұмыстары**


Қыркүйек – диагностикалық-ұйымдастыру кезеңi. Қыркүйек айында ата-аналармен танысу жұмыстары жүргiзiлiп, консультативтiк пункттiң жұмыс тәртiбi, мақсат-мiндеттерi түсiндiрiлдi. КМҚК «Гүлдер» бөбекжайының мамандар тарапынан балаларға кешендi бастапқы диагностика ұйымдастырылды. Диагностика барысында балалардың: психоэмоционалдық жағдайы, сөйлеу тiлi мен коммуникативтiк дағдылары, әлеуметтiк бейiмделуi, қимыл-қозғалыс белсендiлiгi, музыкалық қабылдау деңгейi анықталды. Нәтижесiнде әр бала бойынша жеке даму бағыттары белгiленiп, түзету-дамыту жұмыстары жоспарланды. Атап айтар болсақ, «Кiшкентай балалардың сәттi бейiмделуi үшiн жағдай жасау» тақырыбында бөбекжайға саяхат жасалды.

Қазан – тiлдiк және әлеуметтiк даму кезеңi. Қазан айында балалардың тiлдiк және әлеуметтiк дағдыларын дамытуға басымдық берiлдi. Тәрбиешi, логопед және дефектологтың қатысуымен тiл дамыту жаттығулары, әлеуметтiк және рөлдiк ойындар өткiзiлдi. Музыка жетекшiсiмен музыкалық ырғақ ұйымдастырылып, қарапайым қимыл-қозғалыс ойындары арқылы балалардың белсендiлiгi артты. Нәтижесiнде балалардың сөйлеу белсендiлiгi күшейiп, қарым-қатынас жасау дағдылары жақсарды. Қазан айында «Кел танысайық» бөбекжайдың iс-шараларына тәрбиеленушiлердi қаыстыру» тақырыбында дөңгелек үстел өттi.

Қараша – қимыл-қозғалыс және ұсақ моториканы дамыту кезеңі. Қараша айында қимыл-қозғалыс үйлесімділігі мен ұсақ моториканы дамытуға бағытталған жұмыстар жүргізілді. Дефектолог пен логопед саусақ жаттығулары мен артикуляциялық гимнастика өткізді. Дене тәрбиесінің нұсқаушысы қимылды ойындар мен эстафеталар ұйымдастырса, музыка жетекшісі би қимылдары арқылы ырғақ сезімін дамытуға көңіл бөлді. Сонымен қатар ата-аналарға үй жағдайында орындалатын жаттығулар бойынша кеңестер берілді.

Нәтижесінде балалардың қозғалыс белсенділігі артып, ұсақ моторикасында оң өзгерістер байқалды. Балаларға арналған «Нейрогимнастика: мектеп жасына дейінгі балалардың есте сақтау, ойлау және ұсақ моторикасына арналған ең жақсы жаттығулар» психолог Бекенова К.Ш. ата-аналарға кеңес берсе, балалармен осы тақырыптар бойынша жеке жұмыстар жүргізді.

Желтоқсан – шығармашылық және эмоционалдық даму кезеңі. Желтоқсан айында балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және мерекелік іс-шараларға дайындық жұмыс тары жүргізілді. Арнайы коррекциялық ойындар, қыс тақырыбындағы әңгімелер мен әндер ұйымдастырылды. Дене тәрбиесі сабақтарында тепе-теңдікті дамытуға арналған жаттығулар жүргізілді. Нәтижесінде балалардың шығармашылық белсенділігі артып, мерекелік іс-шараларға қызығушылығы қалыптасты. Атап айтар болсақ, «Балалармен тақырыптық серуен табиғат аясында» тақырыбында «Шынықсаң шымыр боласың» тақырыбында спорттық қимыл-қозғалыс ойындарын өтті.





КМҚК «Гүлдер» бобекжайының консультативтік пункттің жұмысының айлар бойынша атқарылған жұмыстарының жүргізілген мониторинг қорытындысы бойынша: балалардың тілдік және әлеуметтік дағдыларында оң динамика байқалды. Қимыл-қозғалыс үйлесімділігі мен ұсақ моторикасы жақсарды. Эмоционалдық тұрақтылық пен шығармашылық белсенділік артты. Консультативтік пункттің жұмысының айлар бойынша атқарылған жұмыстарының қиындықтары және оларды шешу жолдары.

Жұмыс барысында бірқатар қиындықтар анықталды. Ата-аналардың белсенділігінің жеткіліксіздігі: кейбір ата-аналар консультацияларға тұрақты қатыспауы.

Шешімі: жеке кеңестер өткізіліп, жазбаша ұсыныстар берілді, кері байланыс күшейтілді. Балалардың даму деңгейлерінің әркелкілігі:

Шешімі: сараланған және жеке түзету-дамыту жұмыстары ұйымдастырылды. Бейімделу кезеңінің ұзақтығы:

Шешімі: педагог-психолог тарапынан эмоционалдық қолдау көрсетіліп, бейімдеу ойындары қолданылды. Сөйлеу тіліндегі қиындықтардың күрделілігі:

Шешімі: логопедиялық және дефектологиялық жұмыстар жүйелі түрде жүргізілді, ата-аналарға үй тапсырмалары ұсынылды. Уақыттың шектеулілігі.

Шешімі: мақсатты, қысқаша консультациялар жоспарланып, қайталама кездесулер ұйымдастырылды.

Қорытынды: Консультативтік пункттің 2025 жылғы қыркүйек–желтоқсан айларындағы жұмысы жоспарға сәйкес, жүйелі және тиімді ұйымдастырылды. Мамандардың бірлескен жұмысының нәтижесінде балалардың дамуында оң өзгерістер байқалды, ата-аналарға әдістемелік қолдау көрсетілді. Алдағы кезеңде консультативтік пункт жұмысы түзету-дамыту бағыты бойынша жалғастырылып, ата-аналармен жұмыс күшейтіледі.